

Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 6С-1/10 "Бурабай аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 ақпандағы № 6С-12/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 5771 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бурабай аудандық мәслихатының "Бурабай аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2016 жылғы 28 наурыздағы № 6С-1/10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5323 тіркелген, 2016 жылғы 12 мамырда аудандық "Бурабай" және "Луч" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
XII (кезектен тыс) сессиясының
төрайымы

Г.Хамзина

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Ө.Бейсенов